

Дара



«Айқын» ақпарат — Желтоқсан 24, 2021



885

қаралым

Жанболат Аупбаев... Ілгеріректе талантты жазушы Дидахмет Әшімханов ғалым-ұстаз Темірбек Қожакеев жайлы мақаласын: «Темірбектер көп, Қожакеев – біреу», – деп атаған еді. Сол сияқты бүгінде Жанболат көп болғанымен, Аупбаев – жалғыз деген сөзді қадап айтуға тура келіп тұр. Өйткені бұл фамилия естілгенде көзі қарақты оқырманның елең етпейтіні жоқ. Мұның өзі қалың қауымның оған деген сый-құрметінің белгісі. Олай болса, журналист әріптесіміз, студент кезімізде ҚааМУ-да бірге оқып, бірге бітірген курстас досымыз жұртшылық жүрегіне қандай жол тауып, олардың ізгі илтипатына қалай бөленді? Енді соның себебін іздеп, сырына үңіліп көрейік.

Мамандығына деген адалдық үлгісі. Мұны мынадай нақты мысалдармен түсіндіріп айтуға болады. Оның алғашқысы әріптесіміздің ат ауыстырып мінбей, 48 жыл бойы тек бір салада жұмыс істеп келе жатуы. Кезінде елгеzekтігіне, тындырымдылығына, табандылығына қарап билік орындары Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне сектор меңгерушісі, Алматы қалалық әкімдігіне баспасөз хатшысы, Парламент Сенаты Төрағасына кеңесші, Президент Әкімшілігіне топ жетекшісі қызметтеріне шақырған. Ондай жерлерге барса, жағдайының жақсы болатыны белгілі ғой. Бірақ солардың бәрінен бас тартқан. Журналистика саласында қалуды жөн деп тапқан. Сол ұйғарымды ол әлі күнге дейін дұрыс санайды. Және өте жақсы шешім екенін біледі. Нәтижесі, баспасөзіміздің бір деген білікті өкілі атанғанында.

Өз мамандығына деген адалдықтың екінші үлгісі – оның осы журналистика саласындағы жұмыс баспалдақтарын асығыс-үсігіс аттап емес, бірін қалдырмай ретімен басып өткені. Редакциядағы әр қызмет, әр лауазымның қыр-сырын үйреніп барып, байыппен жоғарылағаны. Оны мына тізбеден толық көз жеткізуге болады. Журналистика факультетінің студенті – стажер – әдеби қызметкер – аға корреспондент – бөлім меңгерушісі – жауапты хатшының орынбасары – жауапты хатшы – бас редактордың орынбасары – бас редактордың бірінші орынбасары – бас редактор – АҚ вице-президенті. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады. Ол оның ұлттық, отандық баспасөзіміздегі меритократия тәртібін қатаң сақтап, соның өмірдегі өнегелі үлгісін көрсеткен нағыз кәсіби маман екені.

Жазуға деген адалдық үлгісі. Мұны бір-ақ мысалмен айтар едік. Ол әріптесіміздің «Лениншіл жас», «Халық кеңесі», «Егемен Қазақстанда» жұмыс істеген кездерінде бұрын ел көп білмеген, баспасөзімізде жазылмаған тың тақырыптарды тауып, тек сол саламен шұғылданғаны. Көп газет тілшілері саяси іс-шаралар мен науқаншыл ұрандардың жетегінде кетіп, шөпті де, шөңгені де қаузап жүргенде, ол өмірдегі өзгеше тақырыптарды талғап, талдап жазуымен ерекшеленді. Бұл оның қасиетті жазу өнеріне деген құрметін, адалдығын білдіреді. Ал олар не еді десек: соғыс кезіндегі таңғажайып тағдырлы қазақтар, бейбіт өмірдегі сирек мамандықты игерген қандастарымыз, республикамыздағы табиғат әлемінің құпиялары. Біз бұл бағыттан оның өзгеге ұқсамайтын өмір сүру формуласы – белгілі бір салаға ғана мамандану тәсілін көріп-білеміз. Кезінде оған ешкім мән берген жоқ. Ал қазір журналистика жанрларының жоғарыдағы жолының жемісті болғанын мойындаушы көп. Соның айқын дәлелі – жастар жағының бүгінгі таңда міне, осы бағытқа қарай батыл бет бұрғанында.

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

Адамгершілік, қайырымдылық үлгісі. Газетте жұмыс істеген жарты ғасырға жуық уақыт ішінде Жанболат ретіне қарай біраз адамдарға көмектесті. Жәрдемдесті. Қиналғандарға қол ұшын берді. Дағдарғандарды дұрыс бағыт- бағдарға салды. Редакцияға келіп шаруаларын айтамын деушілерге есігі ашық болды. Сөйтіп, жұрттың ризашылығына бөленді. Осылардың өзі адамгершілік пен қайырымдылықтың үлгісі дер едік. Мәселен...

1994 жылғы желтоқсан айы. Алматыдағы Қазыбек би мен Фурманов көшелерінің қиылысындағы «Халық кеңесі» газетінің редакциясы. Осы басылымда бас редактордың орынбасары болып қызмет істейтін біздің әріптестігіміздің бөлмесіне 16-17 жастардағы жеткіншек жасқаншақтай кірді. Аяз сорған саусақтарын әрең икемге келтіріп, портфелінен оқушы дәптерін алып шығады. Әлем тілдері университетінің 1-курсында оқитын ол өлең жазады екен. Солардың бір тобын бас редактордың орынбасарына бір күдік, бір үмітпен ұсынды. Ол студенттің тырнақалды дүниелерін зер сала оқып шығып, 1 өлеңіне 3 леп белгісін қояды. Сөйтті де: «Мына туындыңды ертеңгі нөмірден күт. Газетке шығады», – деді нық сеніммен. Жеткіншектің жанары қуаныштап жалт етті.

...Арада 7 жыл өткен. Астанадан Алматыға Қазақстан Жазушылар одағының кезекті съезіне қатысуға келген біздің кейіпкерімізді үзіліс кезінде ашаң жүзді жас жігіт қуып жетті. «Аға, – деді ол аптыға. – Мен сізге қарыздармын». «Не үшін?» «Сіз менің өлеңімді республикалық баспасөз бетіне тұңғыш жарыққа шығарған адамсыз. Есіңізде ме, «Халық кеңесі» газеті... Сонда менің бір өлеңім арқылы жолымды ашқансыз. Сол үшін сізге рақмет!»

Осы сөздерді айтқан жас ақын алдындағы ағасына қалыңдығы пышақтың қырындай шағын жыр жинағын ұсынды. Кітап мұқабасына Ante meridiem атты атау мен Дәурен Берікқажы деген автордың фамилиясы жазылыпты. Бұл жігіт қазір елге танымал ақын. 4-5 кітаптың иесі. Ағылшын, орыс тіліндегі мультфильмдерді қазақшаға тәржіме жасайтын мықты аудармашы.

...Сол 90-жылдардың ортасы. Парламент органы – «Халық кеңесі» газетінде ҚазМУ-дың соңғы курсына оқитын 2 студент «жарты ставкамен» жұмыс істеп жүрді. Оның бірі – қарағандылық Қауысов, ал екіншісі – атыраулық Сейітмұхамедов. Бір күні Қауысов Жанболаттың бөлмесіне келіп кірді де курстасы Сейітмұхамедовтің үйленгенін, жас отбасының қиналып жүргенін айтты. «Материалдық көмек берейік. Аз да болса жәрдем, демеу ғой», – деді бас редактордың орынбасары. Бірақ байқайды, жағдай мұнымен түзеліп кете қоймайтын сыңайлы. Оны қызметкерінің көңілсіз қас-қабағынан байқаған әріптесіміз Кенжебекті шақырып алып, аңгімеге тартты. Сөйтсе, ол пәтер таба алмай жүр екен. «Олай болса, – деді орынбасар, – қала шетіндегі Экспедиция деген кентте менің саяжайым бар. Ондағы үш бөлмелі кірпіш үй ішінде пеш те, электр нүктелері мен су да бар. 300 метр төменіректегі орталық көшеден қалаға қарай әр 15 минут сайын автобустар ағылып жатыр. Міне, кілт! Ұнатсаң, соған барып кіріп ал. Ештеңенің керегі жоқ, Есіңді жиғанша тегін тұра бер. Тек үй төңірегін таза ұстап, өртке жол бермесең болды.

Мына сөзді естіген Кенжебекте ес қалмады. Қуанғанынан Экспедициядағы бас редактор орынбасарының саяжайына сол күні-ақ көшіп алды. Бұл оның жалғыз өз отбасына ғана емес, сыбай-салтаң жүрген курстасына да оқу бітіргенше баспана болды. Сөйтіп, арада бесінші жылға аяқ басқанда Кенжебек Жанболат ағасын және оның ауылдан қалаға немерелерін көруге келген қарт әкесі Әлихан ақсақалды саяжайға қонаққа шақырады. Сондағы дастарқан үстінде жас жігіт келіншегі екеуі еңбекақыларынан ақша жинастырып, осындағы бақшаға картоп егіп, одан түскен тиын-тебендерін де соған қосқандарын сөз етті. Ең соңында осы кенттегі Ресейге көшкен көп орыстың бірінен жалғыз бөлмелі коммуналды пәтер сатып алып, баспаналы болғанын айтты. «Бұған қол жеткізген мына саяжай. Сол үшін де мұндағы үйге, сол үйдің иесі сіздің балаңызға рақмет айтамыз, ата!» – деді. Қария Кенжебектің сөзіне риза болып: «Қарға тамырлы қазақпыз ғой, қарағым. Бәріміз бір-бірімізге туыспыз. Жалғыз балам сені жат санамай, жәрдемдесе, сен де бұдан былай бұған серік болуға тырыс», – деп батасын берді. Сол Кенжебек Сейітмұхамедов қазір Ұлттық қауіпсіздік комитетінің полковнигі. Үш ұл-қыз өсіріп отырған үлгілі отбасы. Республика шекара әскерлерінің органы – «Отан сақшысы» газетіне бас редактор болып, отставкаға шықты. Қазір – бизнес өкілі.

Бір сәтке ойланайықшы. Жоғарыдағы мысалдар арқылы, сіздерге біздің айтайын дегеніміз не дейсіздер ғой, құрметті оқырман?! Ол адамгершілік үлгісі мен қайырымдылықты тек дәулетті бай-бағыландардың ғана жасамайтыны. Бұл тек бақуатты бизнесмендердің ісі де емес. Сөз етіліп отырған мәселені, сондай-ақ руханият иелерінің, солардың ішіндегі журналистика саласы өкілдерінің де өмірлік өнеге ретінде оған атсалысуын айту еді. Жанболаттың жоғарыдағы ісі – соның бір көрінісі.

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

Журналистика жанларындағы шеберлік үлгісі. Біріншіден, ол өз мақалаларына тартымды тақырып қоя білетін тапқырлығынан бірден байқалады. Осы алғырлық оқырмандарды кейіпкеріміздің кез келген материалына назар аудартпай қоймайды. Өзіне бірден тартып алады. Сенбесеңіз сөз етіп отырған автор қаламынан туған әр жылдарғы кейбір туындыларының тақырыбына үңіліп көріңіз. Олар: «Өзеге ұқсамайтын өмір», «Қарақағаз» келсе де... тірі қалған», «Бірінші Петр» фильміндегі Қойлыбай», «1942 жыл. Қазақ даласы. Құмға құлаған «Юнкерс», «Маршал мемуарындағы Мәденов», «Раритет»... Міне, кейіпкеріміздің қызықты, ішіне сыр бүккен жұмбақ тақырыптары осылай жалғасып кете береді.

Осыны көргенде журналистика ғылымындағы «перевернутая пирамида» деген ұғым еске түседі. Бұрындары публицистикалық жанрлардағы шығармаларда алдымен кіріспе, сосын бірден-бірге ауысу кезеңдері немесе даму компоненттері жалғасатын. Одан кейін туындыны жинақтау, яғни қорытындылау кезек күтіп тұрса, қазіргі ұшқыр уақыттың аталмыш салаға енгізген жаңалығы – айтатын ойың, жасар қорытынды тақырыпта тұру керек. Олай болмаған жағдайда оқырман ішектей шұбатылған мақаладан бас тартып, басқа басылымға ауысып кетеді. Біздің Жәкең Алла берген дарынының арқасында, шығармашылық ізденістері нәтижесінде, міне осы биіктікті ертеден-ақ еңсеріп, бағындырған.

Екіншіден, автор шеберлігі мақаланы жазған кездегі әр туындыны күтпеген детальмен, кездейсоқ оқиғамен бастап, сол материалдың соңын да сондай өзгеше жайтпен аяқтауынан айқын көрінеді.

Бұл мақаланы жаттандылықтан сақтайды. Құрғақ, ұзын сонар, бірсарынды баяндауға ұрындырмайды. Сөйтіп, оқырманды жалықтырмауға, мақаламен танысуға, ынталылықты арттыруға толық жағдай жасайды. Әрі елді шаршатпайды, материалға жанды қозғалыс беріп, жұрттың уақытын ысырап етуден құтқарады. Оған кейіпкеріміздің «Кешігіп жеткен даңқ», «Дебют», «SOS белгісі», Теге inkognito , «Ас!», «Автоматтың атасы» мақалалары анық дәлел бола алады.

Үшіншіден, автор шеберлігі өзі жазған мақалаларына жаңа форма табуға, туындыны тың архитектуралық схемамен алып шығуға деген ұмтылысынан ерекше көзге түседі. Осы орайда мынаны есте ұстау керек. Жалпы, кез келген мақаланың композициялық формасы журналистің алдына қойған мақсатына орай құрылады. Оның көздеген ойы негізінен сол пішін арқылы жүзеге асады. Сөйтіп, форманың сәттілігі – мақаланың тартымдылығы деп ұғу керек. Шығарманың пішіні оның «сырт құрылысы», тек формасы деп түсіну дұрыс емес, оның мазмұнға тікелей қатысты екенін естен шығармауымыз керек. Немесе ол шығарманың «сырт түрінің» симметриясы ғана емес, сонымен қатар ішкі сырының да гармониясы», – дейді академик Зейнолла Қабдолов.

Ондай кезде қаламгерге үлкен, кіші деген нәрсе жоқ. Шығармасының өзгеше, дара болып көрінуі үшін журналистика жанрларына жататын материалдарына ол әдебиет пен драматургиядағы, кинодағы барлық элементтерді тиімді пайдалануға тырысады. Олар сценарий үлгісіндегі эпизодтық суреттер, пьесадағы қысқа да нұсқа диалогтер, стенограммалардың кульминациялық тұсындағы көріністер, тіпті болмаса баяғыда жарияланған мақалаларының соңына жылдар өткен соң барып, сол кейіпкерінің кейінгі тағдырынан хабар беретін «кинорежюме», «стопкадр» сияқты

5-6 сөйлемдік «авторлық анықтама» беруі дер едік. Бұлардың бәрін мақала иесіне: «Сен осылай істе», – деп ешкім міндеттемеген. Бұл – кәсіби журналистің инстинкті түрдегі шығармашылық жауапкершілігі. Ал өз кезегінде ол шеберлік атты ерекшелікке алып келгені анық. Мұны айғақтайтын әріптесіміздің «Номад», «Құбылаға қара», «Бәйге аты мүсінін жасырады» мақалаларындағы формалық ізденістерді айтуға болады.

Автордың журналистік шығармашылығындағы төртінші шеберлік үлгісі оның орыстілді аға буын өкілдерінің публицистикалық мақалаларын ана тілімізге адам қызығатындай нәрлі де сәлді сөйлемдермен жұп-жұмыр етіп аударған еңбегінен байқалады. Уақыттарыңыз болса, ақын Олжас Сүлейменовтің қара сөзбен орысша жазған «Құс күні», «Қайыңды дала», «Шоқан», жазушы Сәтімжан Самбаевтың «Абай», өлкетанушы, патша офицері Петр Красновтың «Тянь-Шань тауларының баурайында», «Известия» газетінің кеңестік дәуірдегі көрнекті өкілі Юрий Аксиутиннің «Сұр арлан жортқан соңғы күз» туындыларының біздің кейіпкеріміз кітаптарындағы тәржімдерін оқып көріңізші. Өкінбейсіз. Аудармашы шеберлігіне қанығып, риза боласыз.

Журналистика саласы жұмысындағы принциптілік үлгісі. Принцип, принциптілік деген сөздерге бұл жерде біз анықтама бермей-ақ қояйық. Оны көзі қарақты жұрт былай да жақсы біледі. Интернетте, энциклопедияларда бұл ұғымға қатысты анықтамалар жеткілікті деп ойлаймыз. Сондықтан кейіпкеріміздің төл мамандығы саласындағы принциптілігі неде дегенге келетін болсақ, ол былай.

Автордың өзі жұмыс істеген, нанын сол жерден тауып жеп жүрген басылымға ғана мақала жазатыны. Бұл – өмірлік ұстанымы. Принциптілігі. «Лениншіл жаста» 14 жыл қызмет атқарды. Өзіне тапсырылған күнделікті жұмыстардан басқа өмірге келтірген үлкенді-кішілі қызық, ойлы

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

мақалаларының бәрі сонда шықты. Кейіннен «Ақиқат» атанған «Қазақстан коммунисті» журналында да солай болды. Онда 5 жыл жүрген кезде жазғаны сол басылым беттерінен ғана көрінді. «Халық кеңесінде» жұмыс атқарған 5 жылда да осы бағытынан таймады. Ең керемет, сүбелі мақалалары осы газеттің абыройын арттырды. Ал «Егемен Қазақстандағы» өткен 20 жыл ішіндегі өмірге келтірген туындылары оқырмандардың көз алдында екені белгілі. Өткен 48 жыл ішінде қазақтілді қай басылым автор шығармаларына құда түспеді десеңізші. Рас, 2-3 газет-журналға интервью берген кезі болды. Бірақ олардан мақала жазуға тапсырыс алмады.

Кейіпкеріміз ұстанған принциптің тағы бір түрі ол – мақалаға жеткілікті мәлімет, дерек жинап бітпейінше, ондағы кездесіп қалатын дүдәмал жайттарды толық анықтамайынша сұлбасын жасағанмен, негізгі жазуды бастамайтыны, оны игеруге асықпайтыны. Мұндай ұстаным руханият әлеміндегі шығармашылық иелерінде болған. Бірақ өте сиректігімен есте қалып, ерекшеленген. Оның қайталанбас мысалдары деп ақын С.Шевельеваның «Сәуірмен сырласу» атты шағын өлеңін 1939 жылы бастағанмен, оқтын-оқтын орала отырып, 1969 жылы аяқтағанын, О.Сүлейменовтің «Арғымақтар» атты атақты 6 шумақ жырын 1959-1961 жылдары қайта-қайта түзеп, 2 жылда бітіргенін, ал М.Әлімбаевтың «Естай – Қорлан» поэмасын 1962 жылы қолға алып, оған 1968 нүкте қойғанын айтуға болады. Біздің кейіпкеріміз де өзінің дүниелеріне осындай принциппен қарайды. Нәтижесі – көңілді баурап алатын толыққанды туынды, орындалуы барлық көркемдік, деректілік деңгейіндегі талапқа жауап беретін сенімді шығарма. Оған автор қаламынан туған бір ғана шығарманы айтсақ, соның өзі жеткілікті. Ол – «Ажалға аттанғандар» атты мақалалар сериясы. Оған кейіпкеріміз 2006-2016 жылдары көрші елдерге қайта-қайта іссапарға аттанып жүріп, тура 10

жыл уақытын жұмсаған. Оның жемісі – толыққанды деректі шығарма.

Сонымен, Жанболат Аупбаев деген есімінің көпшілік көңілінде жақсы жақтарымен қонақтап қалып қоюының себебіне, шығармашылық сырларына аз-кем үңілгендей болдық қой деп ойлаймын. Ол көп еңбектің, ұзақ ізденістің нәтижесі екені анық. Өйткені публицист шығармашылығының қиыншылығы жайлы айтылған ойлардың, жазылған мақалалардың көпшілігі мынаған саяды. «Журналистің жазушыдан өзгешелігі сол – ол факті мен фактінің арасында еркін қимылдап, бұларға құдды бір жан бітіре билеп жүргендей әсер қалдыруы керек», – дейді атақты публицист Борис Полевой. Ал бұл оңай шаруа емес. Кейіпкеріміз, міне осыған қол жеткізген кәсіби журналист.

Иә, Жанболат өмірдің өзіндей ғып жазудың шебері. Оның еңбектері сонысымен де құнды. Өйткені онда қоспа жоқ. Таза. Аупбаевтың туындыларын оқып шыққанда мөлдір бұлақтың кәусарына қанғандай болатының, таудың саумал самалын сіміре жұтқандай әсер алатының – сондықтан. Мүмкін бұл Жанболаттың тумысының тазалығына, тамаша отбасында өскенінде шығар. Оның ата-анасы, туған әпкесі де сондай жандар екеніне талай көзіміз жеткен. Ал атамекені Аспантау ше?! Оның шырқау шыңы Хан Тәңірі тұнық әлемнің, етегіндегі Нарынқол тамаша табиғат көрінісінің символы. Сондай жер мен елде өскен – біздің құрстас.

Намазалы ОМАШЕВ,

*филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері*

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ

СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Елордада рұқсат етілмеген полигондар үшін айыппұл 5 есе өсті

Алматы облысында әйелді екі баласымен бірге көлік қағып өлтірді

Қарағанды облысында екі бала терезеден құлады

Жамбыл облысында көз жұмған сарбаздың туысы: Іші, бүйрегі, қолы көгерген

Алматы - Талдықорған тасжолында жас футболшылар отырған автобус өртенді

Головкин әлемнің үздік боксшылары рейтингінде төмен сырғыды

Кассадан алған пойыз билетін енді онлайн қайтаруға болады

ТАҒЫ ЖҮКТЕУ